

Ережепқызы Р.,
Джангабулова А.К.,
Коньсбай Б.

**Қазақстан Республикасында
үкіметтік емес ұйымдардың
кейбір сұрақтары: олардың
энергетикалық саясатты
қалыптастырудағы рөлі**

Мақалада Қазақстан Республикасының үкіметтік емес секторын дамыту бағыттары мен жағдайы және оның демократиялық қоғамды дамытудағы рөлі қарастырылған. Жеке мемлекеттің саясатында, сонымен қатар шетел деңгейінде үкіметтік емес ұйымдардың рөлінің маңызы мен өзектілігі атап өтілген. Үкіметтік емес сектор мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы, аталған қатынастың қоғамның дамуына әсері қарастырылған. Жұмыста энергетикалық қауіпсіздік саласында ҰЕҰ жобаларын іске асыруда мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қарым-қатынасының жеткіліксіздігі атап өтілген. Энергияны өндіру мен тасымалдау компанияларын бақылауға ҰЕҰ қатысу механизмі мен олардың қызметінің мүмкін бағыттары ұсынылған, соның ішінде қоршаған ортаны ластағаны үшін энергия өндірушілердің жауапкершілігін арттыру жөніндегі, экологиялық заңнаманың сақталуын бақылау үшін тәуелсіз мониторинг тетігін әзірлеу бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: үкіметтік емес сектор, үкіметтік емес ұйымдар, қоршаған орта, мемлекет.

Erezhepkyzy R.,
Dzhangabulova A.K.,
Konysbay B.

**Some questions of non-
governmental organizations in
the Republic of Kazakhstan: their
role in the formation of energy
policy**

The article discusses the status and direction of development of the NGO sector in the Republic of Kazakhstan and its role in the development of a democratic society. It noted the relevance and importance of the role of non-governmental organizations, both in the policies of individual states and internationally. The interaction of the non-governmental sector and the state, the effect of this interaction on the development of society. The paper notes the lack of interaction of state bodies and non-governmental organizations in the implementation of the energy security of NGO projects. The possible ways of activities and the participation of NGOs in the mechanism of control of the company in the production and transportation of energy are offered, in particular, to develop recommendations to improve the responsibility of energy producers for environmental pollution, the establishment of an independent mechanism for monitoring compliance with environmental legislation.

Key words: non-governmental sector, non-governmental organizations, the environment, the state.

Ережепқызы Р.,
Джангабулова А.К.,
Коньсбай Б.

**Некоторые вопросы
неправительственных
организаций в Республике
Казахстан: их роль
при формировании
энергетической политики**

В статье рассматривается состояние и направления развития неправительственного сектора Республики Казахстан и его роль в развитии демократического общества. Отмечается, актуальность и значимость роли неправительственных организаций как в политике отдельного государства, так и в международном масштабе. Рассмотрено взаимодействие неправительственного сектора и государства, влияние этого взаимодействия на развитие общества. В работе отмечается недостаточное взаимодействие государственных органов и неправительственных организаций в части реализации проектов НПО в области энергетической безопасности. Предложены возможные пути направления деятельности и механизма участия НПО в контроле над компаниями в производстве и транспортировке энергии, в том числе, выработке рекомендаций по повышению ответственности производителей энергии за загрязнение окружающей среды, создание механизма независимого мониторинга соблюдения экологического законодательства.

Ключевые слова: неправительственный сектор, неправительственные организации, окружающая среда, государство.

**ҚАЗАҚСТАН РЕ-
СПУБЛИКАСЫНДА
ҮКІМЕТТІК ЕМЕС
ҰЙЫМДАРДЫҢ
КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ:
ОЛАРДЫҢ
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
САЯСАТТЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
РӨЛІ**

Заманауи мағынада қоғам «кейбір ұйым немесе жобаның ішкі және сыртқы ортасы» ретінде ғана емес, сондай-ақ «егер олар кез келген идеялар немесе позицияларын білдіруге біріккен жағдайда, демократиялық елдің кез келген екі азаматы» ретінде көрініс табады [1]. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік және қоғамдық сектор арасындағы ашық және тиімді қарым қатынас орнату – екі жақ үшін де тиімді болып табылады. Мемлекет әлеуметтік қызметтің қажет секторына кәсіби үкіметтік емес ұйымдардың келуін қаржы жағынан ынталандырады. Трансұлттық корпорациялардың мүдделерін білдіретін көптеген бағыс сарапшылары үкіметтік емес ұйымдарды жаһандандудың негізгі қозғалтқышы деп есептейді [2].

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар (бұдан әрі ҮЕҰ) кеңестік заманнан бері ұйымдастырылған және жұмыс істеген, бірақ тәуелсіздік алғаннан және демократиялық үдерістердің дамуынан кейін белсенді дами бастады. Осы уақыт ішінде үкіметтік емес ұйымдар сандық өсу жолында болды, бірақ жылдар бойы сапа жағынан да дамып отырды. Қазіргі үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік саланың барлық бағыттарын қамтиды. Ресми көрсеткіш бойынша – 27 мың үкіметтік емес ұйымдар, басқа да көздерге сәйкес олардың саны 18 000, соның ішінде қазіргі таңда бүкіл ел бойынша белсенді жұмыс атқаратын үкіметтік емес ұйымдар 10 мыңға жуық. Үкіметтік емес ұйымдардың саны туралы деректер қайнар көздерге және әртүрлі себептерге байланысты әртүрлі екенін атап өткен жөн. Мысалы, олардың кейбіреулері мемлекеттік статистикалық есепке, үшінші сектордың құрамына заңнамада бекітілген барлық ұйымдарды қосады, ал жекелеген тәуелсіз зерттеу агенттіктері үшінші сектордан ресми статистикамен емес алынған мемлекеттік мекемелерді, адвокаттар коллегиясын, тұтыну кооперативтері мен нотариалдық палаталарды және т.б. алып тастайды. Есептеудің бұрмалануының тағы бір себебі болып, қағаз жүзінде формальды жұмыс істейтін ҮЕҰ және бір күндік ҮЕҰ құрылып жатқандығында. Соған байланысты, нәтижесінде үкіметтік емес ұйымдардың статистикалық есебі толығымен ретке келтірілмеген. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен Қазақстандағы Республикасының

үкіметтік емес ұйымдары туралы мәліметтер тізімі жасалып жатыр, оған біздің елімізде жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдар туралы толық мәліметтер кіреді

Қазақстанда белсенді жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың желісі дамыған 5 аймақтарды бөліп көрсетуге болады – Астана және Алматы қаласында, Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары [3]. ҮЕҰ арасында есімдері әйгілі танылған көшбасшылар бар және өз мәселелерін шешу үшін құрылған шағын ұйымдар да бар. Бірақ мұндай ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі – қоғамдағы мәселерге елдің назарын аудару, қандай да бір себеппен мемлекеттік құрылымдардың назарынан тыс қалған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына көмектесу. Үкіметтік емес ұйымдар қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады және азаматтық қоғамның маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдардың белгілі бөлігі қоғам және мемлекеттік саясаттың дүниетанымы мәселелерінде судьялардың рөлін көздейтінін ұмытуға болмайды. Ғылыми әдебиеттерде қызметі мемлекеттік және қоғамдық өмірдің аясынан тыс болатын мұндай ұйымдарды «жалған-ҮЕҰ» деген терминмен бөліп көрсетеді: олар жиі жеке саяси күштер мен елдердің ішкі және сыртқы саяси қызметтерінің құралдарына айналады [4].

Қазақстандық құқық қорғау қозғалысында адам және азаматтың экологиялық құқықтарын қорғау мәселесі елеулі және маңызды ретінде қарастырылмайтындығын атап өткен жөн. Алайда, адам мен азаматтың экологиялық саладағы құқықтарының бұзылуының салдары елеулі. Адамның өмір сүру ортасының ластануы нәтижесінде жыл сайын ондаған мың адамдар көз жұмады, және одан да көбісінің денсаулығы төмендейді. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметінің басым бағыттарының бірі болып экология саласы, соның ішінде энергетика саласы табылады. Қоршаған ортаны қорғау саласында үкіметтік емес ұйымдардың қызметі маңызды рөл атқарады.

XXI ғасырға арналған Күн тәртібіне сәйкес үкіметтік емес ұйымдар қатысуға негізделген демократиялық құрылымдардың қалыптасуы мен іске асыруда негізгі рөл атқарады. Олардың беделі қоғамдағы жауапты және сындарлы рөліне байланысты. Бүгінгі күні, әлемдік қауымдастық дамудың ұтымсыз үлгілерінен алыстап экологиялық қауіпсіз және тұрақты дамуға ұмтылған кезде, алда тұрған негізгі мәселелердің

бірі қоғамның барлық деңгейлерінде ортақ мақсатты түсінуге жәрдемдесу болып табылады. Осы мақсатты түсінуді қамтамасыз ету мүмкіндігі қоғамның барлық деңгейлерінің кең ынтымақтастық пен диалогқа қатысуы және ол жерде өзінің жеке рөлі мен міндетін тануы. Үкіметтік емес ұйымдар тұрақты дамуды қамтамасыз ету қызметіне қатысушы ретінде өз тиімділігін арттыру мақсатында өзара ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды дамыту қажет. [5]

Әртүрлі мақсаты, бағыты, ұйымдық құрылымы бар үкіметтік емес сектор ұйымдарының әртүрлілігі «үкіметтік емес ұйым» бірінғай анықтамасын айқындауда қиындық тудырады. «Үкіметтік емес ұйымдар» сөз тіркесі және «ҮЕҰ» қысқартуы заңи термин емес, бірақ іс жүзінде оларды пайдалану, негізінен олар кеңінен үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйымдарды белгілейтін халықаралық құрылымдардың бірқатар құжаттарында кеңінен пайдаланылғаны арқасында бекітілген. «Үкіметтік емес ұйымдар» терминінің анықтамасының бірнеше түсіндірмесін қарастырайық.

Үкіметтік емес ұйымдар туралы айтылған ең іргелі қайнар көз, Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі «БҰҰ») Жарғысы болып табылады, атап айтқанда – 71-бапта былай делінген:

«Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі үкіметтік емес ұйымдармен кеңесу үшін тиісті шараларды жүргізе алады. Мұндай шаралар халықаралық ұйымдармен, қажет болған жағдайда мүдделі Ұйым мүшесімен кеңескеннен кейін ұлттық ұйымдармен келісілуі мүмкін».

БҰҰ Жарғысы үкіметтік емес ұйымдардың анықтамасын бермейді, тек оларға халықаралық ұйымдар мен ұлттық ұйымдар кіретіндігін көрсетеді.

«Үкіметтік емес ұйым болып жергілікті, ұлттық немесе халықаралық деңгейде ұйымдастырылған азаматтардың кез келген ерікті коммерциялық емес одағы табылады» деп БҰҰ Хатшылығының Қоғамдық ақпарат департаментінің басылымдарында анықтама беріледі [6]. Демек, БҰҰ ҮЕҰ-ны үкіметаралық келісімдер негізінде құрылмаған ұйымдар ретінде анықтайды.

Дүниежүзілік банктің үкіметтік емес ұйымдарының қызметін реттейтін заңдарды әзірлеу және қолдану бойынша нұсқаулықта, «ҮЕҰ» термині одақ, қоғам, қор, қайырымдылық қор, коммерциялық емес корпорация немесе нақты құқықтық жүйеде Үкімет құрамына кірмейтін

және пайда үшін жұмыс істемейтін, яғни алынған табысты бөлінбейтін басқа да заңды тұлға ретінде түсіндіріледі. Бұл термин кәсіптік одақтар, саяси партиялар, пайдасы бөлініске түсетін кооперативтер мен шіркеулерге қолданылмайды [7]. Нұсқаулық авторлары аталған терминді таңдау банк жұмысында кеңінен қолдану ыңғайлылығымен негізделетіндігін атап өтеді.

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) – қызметін жарғы негізінде және өз есебінен жүзеге асыратын, ресми (үкіметтік) институттардың қатысуынсыз, жеке тұлғалар және/немесе басқа да қоғамдық ұйымдармен құрылған ұйым. Әртүрлі ұлттық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар (ХҮЕҰ) бар. ХҮЕҰ – үкіметаралық келісім негізінде құрылмаған, халықаралық ұйым. ХҮЕҰ ерекшелендіретін белгісі болып оның кем дегенде бір мемлекетпен танылуы немесе халықаралық үкіметаралық ұйымдарында кеңес беру мәртебесінің болуы табылады. ХҮЕҰ басқа да халықаралық ұйымдар сияқты құрылтай құжатының болуымен, қызметінің тұрақты немесе жүйелі сипатымен, қызметінің негізгі әдісі ретінде көпжақты келіссөздер мен мәселелерді талқылауды пайдаланумен, шешімді дауыс берунемесе келісімге келумен қабылдайтын, ұсыныс сипатындағы шешімдермен сипатталады [8].

Қазақстан Республикасының заңнамасында «үкіметтік емес ұйымының» анықтамасы берілмеген. Жалпы айтқанда, мемлекет үкіметтік емес ұйымдарға мойын бұра отырып, қандай ұйымдарға «үкіметтік емес» сипаттама тиесілі екендігін анықтамаған. Ұлттық заңнамада заң бойынша құрылған ұйымдарға қатысты «ҮЕҰ» термині коммерциялық емес (кәсіпкерлік емес, пайда таппайтын) ұйымдардың анықтамасын алмастырады, бірақ мұндай жағдай сирек кездеседі, ол көбіне терминологиялық қазуға жатқызылады.

«Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» ережеде үкіметтік емес ұйымның түсінігі берілген, яғни үкіметтік емес ұйым – ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда) [9].

Демек, біз жаңа заңнама тұжырымдамасында және жеке заң жобаларын әзірлеу барысында анықтама аппаратына қатысты мәселелер

бар, соның ішінде «үкіметтік емес» терминіне қатысты.

Экологиялық қозғалыстардың пайда болуы үшін нақты негіз болып адамзат қоғамының және оны қоршаған табиғи орта арасындағы қарым-қатынастардың дамыған өнеркәсіптік қоғам жағдайындағы дағдарыс табылады. Көптеген мемлекеттерде жұртшылықтың өнеркәсіптік қалдықтарды шығаруға рұқсат беру, қоршаған ортаға әсер етуді бағлау шараларына қатысу, қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы жобалар, бағдарламалар мен түрлі жоспарларды дайындауға қатысуы кең таралған. Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үрдісінде жұртшылықтың рөлін кеңейтуге қоршаған ортаға және тұрақты даму мәселелері бойынша ірі халықаралық форумдар орасан зор әсер етті. Жұртшылықтың және ҮЕҰ қатысуы тұрғысынан басты жетістік болып Тұрақты даму тұжырымдамасы мемлекет басшылары және әлем үкіметтерімен танылған 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткен Қоршаған орта және даму бойынша БҰҰ конференциясы (ЮНСЕД) табылады.

Қазіргі уақытта үкіметтік емес коммерциялық емес ұйымдардың зор маңызы іс жүзінде барлық жерде мойындалған. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы олардың негізгі міндеті азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын қорғау болып табылады.

Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысының бір нысаны – негізгі экологиялық мәселелер және жалпы қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалар мен саясат, жоспарларды дайындауға қатысуы.

Бұл қатысулар мемлекеттік органдардың мәселені шешудің алғашқы кезеңдерінде жұртшылықтың қатысуына бастамашылық білдірген кезде тиімді болады. Алайда, үкіметтік емес ұйымдар қатысуыға өздері бастамашылық жасай алады.

Үкіметтік емес ұйымдардың негізгі міндеті – энергетикалық ресурстарды өндіру және жабдықтау қауіпсіздігін жақсарту үшін энергия ресурстарын өндірушілер мен тасымалдаушылардан, мемлекеттік және халықаралық құрылымдардан кепілдіктер алу. Энергияны өндіру және тасымалдау әлеуметтік жауапты болуы тиіс.

Міндеттері:

– Энергияны өндіру және тасымалдау кезінде экологиялық тәуекелдерді азайту бойынша шараларды қабылдаудың қажеттілігі туралы мемлекет басшыларынан міндеттемелерді орындауларына қол жеткізу;

– Энергия ресурстарын өндіру және тасымалдау саласында жұртшылықты мазалайтын сұрақтар тізімін дайындау;

– Энергияны өндіру мен тасымалдау компанияларын бақылауға ҮЕҰ қатысу механизмін әзірлеу, соның ішінде қоршаған ортаны ластағаны үшін энергия өндірушілердің жауапкершілігін арттыру жөніндегі, экологиялық заңнаманың сақталуын бақылау үшін тәуелсіз мониторинг тетігін және т.б. әзірлеу бойынша ұсыныстар беру.

– Энергетика саласындағы компаниялардың әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін ұсыныстар әзірлеу.

Біздің ойымызша нәтижелерге қол жеткізу үшін, мынадай шаралар қабылдау қажет:

– энергетикалық саясатты қалыптастыруға жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету. Экологиялық қауіпсіздік, білім беру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыс істейтін халықаралық ҮЕҰ қызметін қолдау;

– жаңартылатын энергия көздерін игеруде қауіпсіз технологияларды әзірлеу және іске асыруда күш-жігерін біріктіру;

– экологиялық және экономикалық құндылықтар негіздерін қазіргі заманғы білім беру жүйесіне ендіруге ықпал ету;

– Қазақстанды радиоактивті қалдықтардың бүкіл әлемдік «үйіндісіне» айналдыруға жол бермеу.

– кәсіпорындардың энергия үнемдейтін технологияларға өтулеріне ыпал ететін экономикалық және құқықтық тетіктерді жасау.

Аталған мақсаттарға жету үшін мемлекет пен қоғамның мақсатына қарсы ҮЕҰ құрылуына жол бермеуге бағытталған мемлекет деңгейінде іс әрекеттер бағдарламасын дайындау және жүзеге асыру керек. Бұл бағдарлама іс шаралар кешенін қамтиды. Бағдарламаның ең маңызды шарасы үкіметтік емес ұйымдардың қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру болуы тиіс. Жаңа заңнама жалған ҮЕҰ кедергі болуы тиіс және қоғам игілігі үшін жұмыс істейтіндердің қызметіне әсер етпеу керек. Жаңа заңнамада жалған үкіметтік емес ұйымдарды «сүзіп» алатын нормалар болу керек.

Жалған үкіметтік емес ұйымдар үшін алғашқы «сүзгі» тіркеу тәртібі болуы мүмкін. Осы кезеңнің өзінде, үкіметтік емес ұйымдарды тіркейтін тұлғалармен ұсынылған кешенді ақпарат негізінде, сондай-ақ берілген ақпараттарды тексеру нәтижелерін есепке ала отырып тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Екінші «сүзгі» ретінде үкіметтік емес ұйымдардың қызметін арнайы кешенді тексе-

рулер болуы мүмкін. Тексерулердің маңызды мәселесі – қаржыландыру құралдары және шығыстар тәртібі. Тексеру комиссиялары құрамына түрлі салалардағы ақпаратты алуды жеңілдету мақсатында әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың өкілдері кіруі мүмкін. Қаржыландыру және қаржы жұмсаудың заңмен белгіленген тәртібінде заңи бұзушылықтар анықталған жағдайда, ҮЕҰ қызметін тоқтатуға тиіс.

Қоғам мен мемлекеттің мүддесін қорғауға бағытталған Бағдарламаның тағы бір тармағы болып тиісті билік органдарына үкіметтік емес ұйымдардың қызметін тоқтату бойынша құзырет беру табылуы мүмкін. Құзыреттерін аса пайдалануға жол бермеу үшін арнайы сарапшыларды тарту және ҮЕҰ жалған қызметін анықтайтын нақты нормалар қабылдау керек.

Ал бағдарламаның соңғы, бірақ маңызды тармағы, жалған ҮЕҰ қарсы күрес барлық кезеңдерінде азаматтық қоғамның қатысуы және барлық рәсімдердің барынша ашық және жария болуы тиіс. Қоғамдық тыңдаулар бұқаралық талқылаудың бір ғана нысаны екенін атап өткен жөн. Қоршаған ортаға әсерді бағалауға жұртшылықтың қатысуын құқықтық реттеуде елеулі жетістіктерді ерекше атап өту қажет. Қоғамның мүдделері ҮЕҰ қызметінің негізі болуы керек.

Біздің ойымызша, «энергетикалық қауіпсіздік» тақырыбында әлем жұртшылығының негізгі мүдделері келесі бағыттар бойынша анықталады:

– энергия өндіру және тасымалдау кезінде қоршаған ортаның ластануын азайту;

– энергия өндіру және тасымалдау кезінде техногендік апаттар болған жағдайда шығынның орнын толтыруға кепілдік беру (экологиялық ластану, денсаулыққа зиян келтіру, мүлікті жоғалту және т.б.);

– энергетика саласындағы сыбайлас жемқорлықты азайту;

– энергия ресурстарынан алынған пайданы әділетті бөлу және артық пайданы елдер мен аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін пайдалану;

– радиоактивті қалдықтарды тасымалдау және сақтау қауіпсіздігін арттыру;

– энергия ресурстарының тұрақтылығын қамтамасыз ету және оларға қолайлы бағаны сақтау.

ҮЕҰ нақты мүмкіндіктері мемлекеттік билік органдары мен іскер-қауымдастықтарға қарағанда әлдеқайда төмен екенін атап өткен

жөн. Сондықтан, ҰЕҰ аталған бағыттары бойынша салыстырмалы әлсіз рөл атқарады, ал осы саладағы басымдылыққа мемлекеттік билік органдары мен іскер қауымдастықтар ие болады.

Қорытындылай келе, Қазақстанда ҰЕҰ әлі жұртшылық алдында белгіленген тиісінше

беделі бар деген қорытынды жасай алмаймыз. Жалпы жұртшылықтың ҰЕҰ қызметіне көзқарасы жағымды, сонымен қатар сарапшылар қажет деңгейдегі ақпарат көлеміне ие бола алмағандықтан оларға сенімсіздік пайда болады.

Әдебиеттер

- 1 Кондратьев Э.В., Абрамов Р.Н. Связи с общественностью / под общ. ред. С.Д. Резника. – М.: Академический Проект, 2008. – 101 с.
- 2 Минасян Г.А., АРАМ Восканян А.Г. Зарубежные НПО – механизм влияния на внутреннюю политику в СНГ // Журнал «Обозреватель». – № 3. – 2013.
- 3 <http://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/400-npo-primut-uchastie-v-vii-grazhdanskom-forume-kazahstana/>
- 4 John Baylis, Steve Smith, Patricia Owens «The Globalization of World Politics», Oxford University Press Inc. New York, 2011. – P. 328-331
- 5 Повестка дня на XXI век: Конференция ООН по окружающей среде и развитию, Рио-де-Жанейро, 3–14 июня 1992 года.
- 6 Смилтнекс П. Понятие НПО в международном праве, правовой теории и законодательстве зарубежных стран // Волонтерский дом Сорос-Казахстан. – май-август 2003. – № 3–4. – С. 9–15.
- 7 Руководство по разработке и применению законов, регулирующих деятельность гражданских организаций. Леон Айриш и др. – Алматы: Издательство «LEM», 2006. – 172 с.
- 8 Что есть что в мировой политике: словарь-справочник / Ананьева Е.В., Батюк В.И., Братерский М.В. (рук. авт. колл.) и др.; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2016. – 366 с.
- 9 Приказ Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 19 февраля 2016 года № 51. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 1 марта 2016 года № 13355.

References

- 1 Kondrat'ev Je.V., Abramov R.N. Svjazi s obshhestvennost'ju / pod obshh. red. S.D. Reznika. – M.: Akademicheskij Proekt, 2008. – 101 s.
- 2 Minasjan G.A., ARAM Voskanjan A.G. Zarubezhnye NPO – mehanizm vlijanija na vnutrennjuju politiku v SNG // Zhurnal «Obozrevatel'». – № 3. – 2013.
- 3 <http://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/400-npo-primut-uchastie-v-vii-grazhdanskom-forume-kazahstana/>
- 4 John Baylis, Steve Smith, Patricia Owens «The Globalization of World Politics», Oxford University Press Inc. New York, 2011. – P. 328-331
- 5 Povestka dnja na XXI vek: Konferencija OON po okružhajushhej srede i razvitiju, Rio-de-Zhanejro, 3–14 ijunja 1992 goda.
- 6 Smiltneks P. Ponjatje NPO v mezhdunarodnom prave, pravovoj teorij i zakonodatel'stve zarubezhnyh stran // Volonterskij dom Soros-Kazahstan. – maj-avgust 2003. – № 3–4. – S. 9–15.
- 7 Rukovodstvo po razrabotke i primeneniju zakonov, regulirujushhij dejatel'nost' grazhdanskih organizacij. Leon Ajrish i dr. – Almaty: Izdatel'stvo «LEM», 2006. – 172 s.
- 8 Chto est' chto v mirovoj politike: slovar'-spravochnik / Anan'eva E.V., Batjuk V.I., Braterskij M.V. (ruk. avt. koll.) i dr.; Nac. issled. un-t «Vysshaja shkola jekonomiki». – M.: Izd. dom Vysshaj shkoly jekonomiki, 2016. – 366 s.
- 9 Prikaz Ministra kul'tury i sporta Respubliki Kazahstan ot 19 fevralja 2016 goda № 51. Zaregistririvan v Ministerstve justicii Respubliki Kazahstan 1 marta 2016 goda № 13355.